

**Егемен Қазақстан**

# Елбасы және ел мұраты

(Ұлы тойдан кейінгі толғаныс)

*Мәңгілік Ел-ата-бабаларымыздың сан мың  
жылдан бергі асыл арманы.*

*Біз армандарды ақиқатқа айналдырық,  
Мәңгілік Елдің іргетасын қалаңық.*

**Нұрсұлтан Назарбаев.**

Заманында Ұлы Дағындағы Дақаны дүбірлеткен ер түріктің бүгінгі ұрпағы сол байырғы байтақ дақада Қазақ хандығының 550 жылдығына арнап ғибратты, тағылымды той өткізді.

Ата тарихын танып-білетіндегі, ел санасына сіңіретіндегі ұлан-ғайыр шаралар өтті. Дүйім жүрт байтақ тарихының, ел билеген хандарының, сөз ұстаған билерінің, қол бастаған көсемдерінің болғанына тағы да көздері жетіп, мәз болысты. Әдеттегідей абыр-сабыр үй тігіп, көшіп-қонып ешкім әбігерге түскен жоқ. Тойдан жарқын із қалды. Құлаш-құлаш мақалалар, том-том кітаптар жазылды. Хандық орнаған өлке – құт мекен Жамбыл облысы, көне Тараз екі мың жылдықтан кейін қайта түледі. Сейтіп, еліміз, Отанымыз үшін, ұлан-ғайыр байтақ тарихымыз үшін, Ұлы Дағындағы дүбірлеткен бабаларымыздың тенденсі жоқ ерлігі үшін бәрімізді мақтаныш сезімі биледі. «Қазақ тарихы – ешкімнен ұялмайтын тарих, үнемі бірігу, тұтастану тарихы. Біз – Ұлы Дағындың перзентіміз», дейтін Елбасының сөзіне қайта қанықтық, қайта жігерлендік.

Қыркүйектің он бірі күні Астанада, Тәуелсіздік сарайында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында Елбасы: «Біз – Ұлы Дағындың мұрагерлеріміз», деп тебіреніп сөз сөйлемді. «Мәңгі елдігінді сақтау», «Ел ұстап төрелік ету», «Барлық сөзімді айттар, мәңгі тасқа бастым», «Ел тұтатын жер осы Өткен қойнауы еді», «Көкте Түрк Тәңірісі, Түрктің қасиетті жері, сұны», «Түрк халқы жойылмасын, Ел болсын» дейтін Құлтегін жазуындағы кеменгерлік толғамдар Елбасының сөзінде ақ алмластай қайта жарқырады. Замана толғатқан, ғасыр тудырған, халықтың арман-тілегінен жаралған асыл тұлға: «Батыр бабаларымыздың биік рухына тағзым ету және тағдырың сан алуан қындықтарынан сүрінбей өткен ата тарихынан тағылым алу үшін елдігіміздің іргетасын одан сайын бекітіп, ұлт, тіл, дәстүр, діл, дін тұтастығын көздің ағы мен қарасындағы сақтап, бойтұмардай ұстап, Қазақ елінің айбынын асырған ұлы хандарымыз берін даңқты батырларымыздың керемет, кесек қымыл-әрекеттерін, отаншылдық рухын шалқар шабытпен, ғұламалық, білімпаздық зердемен, мейірлене толғап, байырғы бабаларымыз берілі байрақ ұстап, Байкалдан Балқанға дейінгі алқапты еркін жайлағанын, Қазақ хандығы «Еуразияның Ұлы Дағындағы арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы Түрік хандығы, Дешті-Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің занды мұрагері», екенін айрықша қадап айтты.

Елбасының ерекше лебізі қөпшіліктің қөнілін, жүргегін теңіздей толқытып, қиялана қанат байлап, намысын қайрап, жігер отын тұтатты.

Кешкісін «Барыс» қөпфункциялы жаңа мұз айдынында өткен Елбасының «Тарих толқынында» кітабының алтын арқауына құрылған ғажайып театрландырылған қойылымда тарихи сана-зерде айнасында мыңжылдықтардың мәдени жады тізбек-тізбегімен қопарыла қайта тірілді. Баба тарих, Ұлы Дағындағы елі, Алтын Орда мен Қазақ хандығы, Тәуелсіз Қазақстан заманы дүние төрінен, дәуір биігінен сөйлем тұрғандай болды. Мыңжылдықтар тарихы, бүгінгі «ұлы түркі елінің қара шаңырағы», «тарихымыздың жаңа шамшырағы», «Ұлы Дағындағы елі» – Қазақстанның аршынды қадамдары, тыныс-тіршілігі тұтастай айшықты суреттелді. Тарих толқындарындағы Қазақ елінің этномәдени тұтастығы, тарихи-тәжірибелік таным тереңдігі, ұлттық сана, яғни ұлттың жан-жүргегі, дәстүрлі мәдениеті болғаны, ел басқару жүйесі бәрі-бәрі барынша кемел, толық сипатталды.

«Мәңгілік Ел» қойылымының «Сақтар. Сарматтар. Ғұндар» дейтін бірінші бөлімінде көрермендердің көз алдына тарих тұңғиғындағы мындаған жылдар бұрынғы мемлекет келешегін діттеген өжет, өнерлі аталардың жолы Құс жолындағай сайрап, қиял құстарын қалықтатты. Ел үйіды, сілтідей тынып қызықтады. Арғы ата-бабамыз – ғұндардың кемелденген, өркен жайған, құдіретті державаға айналған заманы – б.з.д. IV-III ғасырлар. Ғұндар мен қытайлар ондаған ғасырлар бойы арпалысты. Небір ерлер тарих сахнасына шықты. Сайыпқыран Тұман, оның мың шақырымға шабатын тұлпар мінген баласы, ұлы мемлекет үйимдастырған, Көкбөрінің қасиеті дарыған Тәніркүт-Мөденің (Ботахан) кезеңі – Ғұн тарихындағы жарқын дәуір болды. Сол заманда Мөденің әскерінің саны 300 000 сарbazға жеткен екен, Ғұн жерінде темір қорыту, қару-жарақ өндіру, алтын, құміс, қола сияқты асыл тастарды балқыту ісі кең өріс алған; сом алтыннан жасалынған білезіктер, сәукеленің маңдайына тағылатын тәтілер, әдемі алтын белбеулер; алтын, құміс, қоладан жасалған ілгектер, кестеленген қамқа шапандар, мамық ішіктер, қымбат көркем тондар асқан шеберлікпен жасалынған. Тасқа түсірілген бейнелер, жаңа туған лақтың басына ұқсайтын сұлу құміс сырға, салт атқа мінген жауынгерлер, алтыннан қызып жасаған бөрінің суреті; бір өзінде сегіз мыңдай алтын суреттер бар қамқа тон; нәзік әрі келісті нақышталған алқалар, тұмарлар, сәндік түйреуіштер мен қапсырмалар, сақиналар; ою-өрнегі көз сүйіндірер шыны ыдыстар, көркемдікке қызмет ететін алтын жырақтар, сырғалар, ат әбзелдері; бояудан, тастан, эмальдан жасалған және әралуан көркемдік және техникалық тәсілдермен шебер орындалған түрлі-түсті бұйымдар, сауыт-сайман құралдары – арғы-бергі заманда адамзат жасаған өнердің, сұлулықтың қайталанбайтын тамаша үлгісі еді.

Ғұндардың дүниетанымына жаратылыстың ғарыштық қуаты, символикалық-фантастикалық, табынушылық-мағыналық мән, геометриялық өрнек-әшекейлер, гармониялық үйлесім, табиғат пен адамның біртұастығы тән еді.

Ғұн дәуірінде халықтардың ұлы көші Сақтар мен Сарматтар мекендерген Шығыс Еуропаға қоныстана бастады. Рум тарихшысы Аммиан Марцеллиан мен ақын Клавдий Клавдиан ғұндар Азау теңізі мен Мұзды мұхит жағалауында мекендейтінін және атқа үйір екендігін жазып қалдырған.

Батыс Ғұн мемлекеті билеушілері Руй, Бледа, әсіресе, Еділ батыр тұсында алтынның мол қорына ие болған.

Ғұн заманының әшекейлі бұйымдары – Польша, Румыния, Югославия, Чехия, Словакия, Венгрия, Германия жерінде сақталған.

Бағызыда Византия елшісі Земарх Ұлы Дағаның мәдениеті жайында, асқан зергерлері, тасты бауырша тілетін бәдізшілері (оюшылары), темірге жан салатын ұсталары, қолашылары хақында жазба деректер қалдырған.

Бабаларымыз осылай темір балқытқан, шаһар түрғызған, егін салған. Көшпелі тайпалар мекендерген аймақты Геродот алтын және мысқа толы өлкे, сақ тайпаларының ойлап тапқан бір ғажабы темір рудаларын балқытудың құпиясын табу деп таныған.

Аспан шырақтарын, құстар дүниесін, гүлдің түрлерін, аңың қескінін, ізін, құрт-құмырсқалардың, қару-жарактардың суреттерін тасқа түсірумен айналысқан қазактың ертегі жыры қандай сұлу, қызықты болса, оның ағашқа, матаға, киізге, темірге, сүйекке, шыныға, тағы басқаларға түсірген ою-ұлгілері сондай қызықты болған. Және де олар жүлдyz ғылымымен айналысқан. Аспан шырақтарының құпиясына құмартып, шаншила көз тіккен.

Елбасы ұлы тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі елдігіміздің тамыры теренде жатқанын танытатын тарихи айғаққа жүгіне отырып, Қазақ хандығының туын көтерген ел перзенттері, ұлт патриоттары Керей мен Жәнібек, Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Еңсегей бойлы Ер Есім, Салқам Жәнгір, Өз Тәуке, Абылай хан тұрасында тебіреніп, қазақтың алғашқы 14 ханының 7-үі жорық жолында қаза тапқанын еске түсіреді.

Қазақ хандығы тұсында тарих сахнасына білікті, парасатты хандар, ақылгөй абыздар, әділетті дана билер, айбатынан ай бұққан қайратты баһадүрлер дүркіреп шыққан еді. Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке сынды көсем ойлы, тапқыр тілді, билік-кесім шығарған ділмәр шешендердің; «сарыазбан атқа ер салып, сараман дәуір сұрсін» деп Ұлы Дағынды Қорғаған Қабанбай, Бөгөнбай, Қарасай, Малайсарайдай кеменгер қолбасшылардың сол бір сындарлы заманда өмір суро – қазақ халқының асқан бағы еді. Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Қазақ хандығы кезеңі – ат жалында күн кешкен Алаш жұртының қаһармандық дәуірі» – деп айтатыны да содан.

Тәуелсіздік – қасиетті ұғым, сәулелі құбылыс. Сандаған ғасырлар мен замандар бойы бабаларымыздың асыл арманы болған Тәуелсіздік ақ қанатты періште сипатында халқымыздың басына бақ болып қонды. Отанымыз Тәуелсіздік құшағында асқақтап, замана тарихтың ұбак-шұбақ көшінің нешеме алуан қисапсыз суреттері, тағдыр тәлкегіне душар болған халқымыздың хал-ахуалы, зобалаң-дүрбелендері әлгі қойылымда көз алдында қайта тізілгендей; «Елім-айдың» зарлы-мұнды әуені естілгендей; Ұлы Даға – ұлт рухының шарайнасы, бак-дәулеті, Ай мен Құндай баға жетпес, теңдесі жоқ қазына болып қайта жаңғырды. Орманбеттің: «Еділ – үйдің есігі, Жайық – үйдің жапсары, Түркістан – үйдің төрі» деп жырлайтыны; Қошке Кеменгерұлының: «Түріктің алтын бесігі – Алтай, ер жетіп, өсіп-өнген ордасы – Түркістан» деп толғанатыны; Мағжан Жұмабаевтың: «Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – Ер Түріктің бесігі ғой» деп жүргегіне бөлеп жырға қосатыны – көпшіліктің туған жерге деген махаббатын күшейте тұсті. Бағзы заманғы алтынжалды арғымақ мінген атақты қолбасшы Еділ батырдың, Түркі қағанаты дәуіріндегі Бумын, Естеми қағандар, Елтеріс, Тонықөк, Құлтегін тәрізді қағанат қаһармандарының ерлігі қайта жарқырап көрінді.

Жоңғар шапқыншылығына қарсы құрескен Абылай хан, қанжығалы Бөгөнбай, қаракерей Қабанбай, шапырашты Наурызбай сынды баһадүрлердің, сонымен бірге, ұлт-азаттық көтерілістің ту ұстаушылары Сырым Дағұлы, Исатай-Махамбет, Кенесарының қан кешудегі, нар кешудегі жорықтары Ұлы Дағаны Қорғаудағы теңдесі жоқ ерліктің жарқын мысалдары еді. «Сар дала – сары атандай жауыр еді» деп, Жұмекен ақын зар илегендей еліміз теперіштің, небір зұлымдық, небір жыртқыштықтың бәрін көрді. Даға данагөйі Бұқар жырау күнбатыстан бір қорғасындақ қара бұлт шығып, қазақ даласын ойран-топыр ететінін көрегендікпен сезінді; зар заман ақындары Дулат, Мұрат, Шортанбайлар отарлық езгінің елге, жерге, дінге, тілге тигізер зиянын зар еңіреп тұрып жырға қосты. Олар дәстүріміздің, эпостарымыздың түбіне балта шабылатынын күні бұрын сезіп, күйінді. Нарманбет Орманбетұлының:

Калмады, ей,  
Сарыарқа, сенде қызық,  
Сандал тау, сары өлкені алды мұжық.  
Қолыңдан келер де жоқ, өнер де жоқ,

Баласы байғұс қазақ қалдың мыжып, – деп күніренетіні содан. Отарлаушылардың қазақтарды қынадай қырганын, бидайдай қуырганын, өзен-көлдің, тоғай-орманның ішінен ку дала қырға қуғанын, бейбіт елдің әбігерге түсіп, мекенінен безіп, шұбырындыға айналғанын қобыздай күнірентті.

Қазақта ақыл-ойымен, шешен тілімен халқына риясыз қызмет еткен даналар аз емес. Әйтеке бидің дауылпаз үнінде, сегіз қырлы семсердегі тілінде: «Біз қазақ деген – бір ұяның балапаны едік, сұңқар болып жетіліп, самғап ұшайық! Біз қазақ деген – бір тоғайдың ағашы едік, орман болып жайқалып, жасылданайық! Біз қазақ деген – бір биенің құлышы едік, тұлпар болып жетіліп, бәйгеден озайық! Біз қазақ деген – бір дастарқан едік, атамекенді түгел қамтиық» дегені бүгін ерекше естіледі. Дананың осы бір сезінде рух, сезім, сенім, тазалық, ар-ождан шебер, әдемі қиуоласады. Қазақтың арғы-бергі заманындағы ұлтыларының бәрі де ұлтын әлпештеп, сүттей ұйыған бірлігін жүректеріне бөлейді. Сүйінбай ақын да қырғыз Қатағанмен айтысында бүкіл қазақтың атынан сөйлеп, ұлтының рухын аспанға көтерген еді.

Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ елдігін баянды етудің, Ұлы Далада Мәңгілік Ел орнатудың амалдарын жүзеге асырып келеді. Соның бірі – Астананы Арқаға көшіру. Ызы-қиқы заманда, аса бір қын кезенде Бас қаланы көшіру – ол кезде ақылға да сия бермейтін, қиялға да келмейтін, тенденсі жок ерлік еді. Астана бүгінде – Отанымыздың орталығына орналасқан ғарыштың тап кіндігіндегі Темірқазық жүлдізына, жаңаған Қазақ елінің інжу-маржанына, қасиетті бойтұмарына, ұлан-байтақ даламыздың қан жүгірттін, жан бітіретін күретамырына, әлем қызығатын, ел сүйсінетін игілік мекеніне, халқымыздың қара шаңырағына, жаһанға танылған жүртімдіздің жарқыраган жақұтына, азаттығымыздың алтын қыранына айналды.

Астана – ұлт рухының құдіретті шарайнасы. Ол мемлекетіміздің биік мәртебесі, жоғары дәрежесі, бақ-берекесі, елдік пен тұтастық-бірліктің тұтқасы, дербестігіміздің дара тумасы.

Астана тарихы Елбасының ерен тұлғасын, қайраткерлік, саясаткерлік іс-қимылдарын айқын сипаттайтын. Астананың бас сәулеткери өзі, қаланың архитектуралық, философиялық-эстетикалық тұжырымдамасын да өзі жасады. Жаһандық сәулет өнерінің жаңалықты құбылыстарына, үздік ұлгілеріне жүгінді; саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық мәні өзгеше жана елордаға лайық қайталанбас ою-өрнектер, ұлттық нақыштар, сан алуан бояулармен құбылған бейнелі суреттер салдырды.

«Астанасына қарап елін таниды. Астанасының қайда орналасып, қалай өркендер жатқанынан әр елдің өзінің өткені мен ертеңіне деген көзқарасын аңғарып, өзгелерге деген пейілін сезінеді. Сондықтан да Астана келбеті – ұлт келбеті, мемлекет дидаresи, халық мерейі. Құллі әлем атын енді жаттай бастаған жаңа Астана біздің жас мемлекетімізге деген назарды екі есе арттыра түсude. Оның біз жетпек биіктердей өрелі, біз орнатпақ қоғамдай тартымды болып, көркейіп, өсуі жолында бүгіндері небір қарышты қадамдар жасалуда. Біздің жаңа астананы, жаңа астананың бізді ұятқа қалдырмайтынына нық сенеміз» деп, Елбасы Н.Ә.Назарбаев жүргінің миua-жемісіндей, жанының бөлшегіндей ардақты Астанасы туралы қөкейкесті, жүрекжарды ойын ылғи осылайша өрнектеп, тебіреніп жеткізумен келеді.

Ел Президенті Астананың әрбір ғимаратын, әрбір мекемесін, әрбір ауласын көзben көріп, зердемен бақылап, тыным таптайтын. Көзінің ағы мен қарасында Астанасын аралап, қаланың тағдыры мен тарихына, сәулеті мен құрылышына, рухани-мәдени өрлеуіне қатысты ой өрбітіп, кеңес береді.

«Еуразия жүргінене, қазақ жерінің кіндігіне Ақордасын тіккен Астана – Қазақ елінің өз қалауымен жасаған дербес тандауы. Біз оны байтақ даланың шын иесі кім екендігін алыстың да, жақынның да есіне салу үшін жасадық. Ұлттық арқылы біз қазақтың осы бір күйқалы өңіріндегі ұлттық дәстүрді, тілді, өнерді, әдетті, әдепті шайылудан, жойылудан сақтап қалу үшін жасадық. Біз оны болашақ ұрпақ үшін, еркін еліміз үшін жасадық», – дейді Елбасымыз.

Елбасы Сарыарқа төсіне, қазақ жерінің қасиетті төріне Астананы көшіргені тегін емес. Ұлттық арқылы біз өркениет дамыған. Астананың іргесіндегі Бозоқ қаласы, Ерейментаудағы байырғы хан ордалары осы Ұлы Жібек жолының бойында қоныс тепкен, тоғыз жолдың торабына орналасқан. Тұғын тартса, майы шығатын осынау топырақта мындаған баһадүрлеріміздің қаны төгілген. Қазақтың соңғы ханы Кенесарының да айтулы шайқасы осында өткен. Олар қазақ халқының келешегі үшін курескен.

Қазақ жері – қасиетті, тарихы мен тағдыры тақсыретті жер. Ұлы Даланы бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, құдіретті рухымен қорғады. Өзіз бабалар елдік пен ерліктің ұлы ұлгісін көрсетті. Темір ноқта мен арқан ноқтаның ортасында оттай лаулап, Отаның сақтады, Тәуелсіздікті аңсады.

Бабалар аңсаған сол арман – мемлекет тәуелсіздігі сан ғасырлар сағындырып, ақ қанатты періште кейпінде елімізге оралды. Халқымыз Нұх пайғамбардың кемесіне мінгендей хал кешкенде, қайшылықтар шырмадына шырмалғанда, замана теңізінен аман алып шықкан кемел ойлы саясаткер, кеменгер, дуалы ауыз, ел бастау тәсіліне жетік

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еді. Әлем тарихында жарқын құбылыс, жаңашыл реформатор деп танылған ұлы саясаткер жайында дүние жүзі қайраткерлерінің жарыса жазатыны содан.

Ол пікірлердің қай-қайсысы да ел Президентінің пайым-парасатына, ерлік іс-кимылдарына, төтенше шешімпаздығына берілген мейлінше әділ сипаттамалар. Еліміздің тереңінен толғап, алыстан болжар көсемі, сұңқар пейіл басшысы, алтын жебелі сардары Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегендігі мен іскерлігі арқасында Астана желкілдеп, жаңарып, жаңғырып, ертегідегі алыптардай аршындал алға басып, қарыштап дамып келеді.

Елбасының қым-қуыт заманда Тәуелсіз мемлекет орнатуы да, тез арада Астананы көшіруі де – құбылыс еді. Осының бәрін Мәңгілік Ел орнату үшін жасап жатқанына бүгіндегі көзіміз жетіп отыр.

Өзімізді өзіміз бақпасақ – сырттан келіп ешкім, ешқашан бізді жарылқамайды. Сақ заманындағы би атамыздың: «Арманның жолы қиқалаң, Адалдың жолы төте еді; Жақсыжаман әркімнің арасынан өтеді; араздаспай, таласпай, тату жүрсөң не өтеді; Інтымағы бар болса, бұл дүниенің қызығы бәріне түгел жетеді», деген аталы сөзі бүгін де қажет.

Елбасының арман-мұраты да – татулық, ынтымақ, бірлік, тыныштық. Біз аздаған жылдарда талай жолдан, талай дағдарыстардан өттік. Қындықта аз болған жоқ. Соның бәрін де ел бірлігінің арқасында жендік.

Президентіміз есепсіз көп нәрсені істеді. Тәуелсіздігімізді баянды етті. Абыройлы асуладардан астық. Әлемдегі озық елдердің қатарына қосылдық. Халық өз Президентін жүргегінің төріне шығарды.

Нұрсұлтан Әбішұлы – Елбасы. Ұлт намысының қамшыгері.

Қазір әлемдік саясатты игеруде, экономиканы еңсеруде, өз халқының тарихын, тілін, мәдениетін білуде Президентке тең келетін адам жоқ. Еуразия кіндігінде ұлт пен ұлысты сүттей үйітып, күнбе-күн келісім мен жарасым шамшырағын жағып отырған – қарқарадай Президентіміздің еңбегі.

Мемлекет орнату, оны қалыптастыру, баянды ету, әлемге таныту дейтін күрделі үдеріске қатысады Алла кез келген кісінің пешенесіне жаза бермеген. Біздер руханият саласында осы бақытқа ие болғандармыз. Бізді баулыған да, елге қызмет еткізген де Нұрсұлтан Назарбаев, сол кісімен бірге келген Тәуелсіздік, Азаттықтың ак таңы, атабабамыздың сан мың жылғы аңсаулы арманы.

Қазақ тарихы бұрын-сонды басынан кешпеген, өзіміз де, өзге де таң қалғандай осы құдіретті істің басында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тұрды.

Алпауыт құштер сырттан андыздал тұрғанда, ел ішінде адам баласы түсініп болмайтын шытырман оқиғалар арпалысып жатқанда, Назарбаев көрегендікпен, көсемдікпен есендіреген елдің есін жиып, Ұлы Далада өте қыска мерзімде бұрын-сонды болмаған бүтіндей жаңа мемлекет орнатты. Орнатып, қалыптастырып, дамытып, әлемге танытып, әлемдік қоғамдастыққа мойындағы қана қойған жоқ, мемлекеттіліктің, ел басқарудың өзіндік жаңа қазақстандық мектебін қалыптастырып. Өзі де әлем қауымдастығы мойындаған кеменгерге айналды. Ел алдындағы, өркениет алдындағы осындағы аса жауапты міндетті Елбасы, сөйтіп абыроймен орындағы. «Сүйер ұлың болса, сен сүй» деп Абай айтқандай, Нұрсұлтан Назарбаев қолдауға да, қошеметтеуге де тұратын; қалай мақтаса да сыйтын, соған лайықты кісі, ортасынан ойы озған, қатарынан қалпы озған азамат.

Жас та, жасамыс та анық билетін ақиқат осы. Тарих үшін, әділет үшін бұл шындықты да айтатын мезгіл жетті.

Президент Назарбаев – мемлекеттілігімізді орнатып, оны қалыптастырып, экономикасын реформалау арқылы өзін де, елін де әлемге мойындаған заманың аса дарынды тұлғасы. Елбасының аз ғана жылдарда адам айтса нанғысыз атқарған қыруар істері болашақ ұрпаққа аңыз болып жететіні сөзсіз. Аумалы-төкпелі, алмағайып заманда мың өліп, мың тірілген қазактың, үш ғасыр бодан болған елдің тізгінін Нүрекендей азаматтың ұстауы – Алланың халыққа берген сыйы еді. Қазақ халқы сан мың жылдар

іздеген мұратына да, арманына да Нұрсұлтан Назарбаевтың тұсында жетті. Осы жылдарда біз Президентіміздің жарқылдаған келбетін, биік болмысын, кемел дарынын, ел басшысы ретіндегі көсем қасиеттерін айқын таныдық.

Н.Назарбаев – ұлттық дәстүрде тәрбиеленген, халқының бар қадір-қасиетін бойына жиған, тілін, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпышын, салт-дәстүрін жетік білетін, ұлтын жаңтәнімен сүйетін, оның мәртебесін өсіріп келе жатқан, халқының үмітін, сенімін ақтап келе жатқан ұлтжанды Азаматы; қалың елдің жанаширы; мұндасы, тағдырласы; қорыққанға – қорған, тарыққанға – пана, зарыққанға сана бола білген өз елінің шын перзенті; алдағыны болжай білетін, ертеңгісін де оза ойлай білетін көсемі; елінің жүргін көтеріп келе жатқан қара нары; халықаралық қауымдастыққа кеңінен танылған, өркениетті елдердің басшыларымен терезесі тең, сөйлескенде сөзі асатын, егескенде еңсесін басатын, елдескенде мейірімін шашатын аузы уәлі, сөзі дуалы саясаткері.

Шынтуайтына келгенде, Нұрсұлтан Назарбаев – тарих толғатып туған ғасырдың тұлғасы, елінің жанын ұфатын, халқын замана көпірінен аман өткізіп келе жатқан қамқоршы; еліміздің дарынды ұйымдастырушысы, көреген басшысы, нарықтық экономиканың терең білгірі, аңқылдаған ақ көңіл; кекшіл емес, текшіл; жікшіл емес, көпшіл; жұртты сендіре де, иландыра да алатын, өз елім менің – өзегім дейтін Азамат.

Біз бұгін ұлттымыздың абыройына, киесіне айналған Президентіміз үшін мақтана алатын халықтың. Президентіміз үшін мақтанғанымыз – елдігіміз үшін мақтанғанымыз. Н.Назарбаев – Қазақстанның паспортына, символына айналған адам.

Елбасының ендігі арманы – Ұлы Даңада Мәңгілік Ел орнату.

Ұлы Даңада Мәңгілік Ел орнату идеясы бұгін ғана тұа қалған жоқ, ықылым замандардан бері, ел орнап, билік пайда болғалы бері жалғасын үзбей келе жатқан әлемдік құбылыс. Адам баласы өмір бойы жұмақ жерді, жұмақ елді, бақытты, еркіндікті іздеумен, аңсаумен келеді. Ол – арман, татулығы жарасқан, береке-бірліктің елін орнатудың, Мәңгі Ел орнатудың идеясы. Назарбаев бұл идеяны халқының байырғыдан бері жалғасып келе жатқан байтақ тарихынан алып отыр. Ол – қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, Түрк дүниетанымындағы Өтүкен, халқымыз армандаған Жиделі Байсын; Асанқайғы желмаяға мініп шарқ-ұрып іздеген Жерүйік, бақытты өмір, баянды тіршілік. Қытайлар өзін Аспанасты еліміз дейді, яғни аспан асты, жер үсті еліміз деп отыр, Жапондар өздерін Құншығыс еліміз дейді, біз – Ұлы Даңада еліміз.

Кез келген мемлекетті дамытатын, халықты арманына жетелейтін күш – идея, идеология. Идеология дегеніміз – сол елдің бағдаршамы, адастырмайтын компасы. Егер ол болмаса кеме – мұхитта, ұшақ – көкте, адам жерде адасады.

Арғы-бергі тарихта елім мәңгі болмасын деген бірде-бір мемлекет жоқ. Бәрі де соны армандаған. Бірақ жете алмаган. Мұны Елбасы білмей отырған жоқ, біліп айтып отыр. Бізге елді адастырмайтын компас керек болып отыр, елдің ілгергі үміті керек болып отыр, арманға жетелейтін жарқын идея, мемлекеттік идеология керек болып отыр. Бұл идеяны Н.Назарбаев елінің тәуелсіздігін қорғау үшін, Тәуелсіз Қазақстанды дамыту үшін ұсынып отыр, бабалар жеткізе алмаған арманға елін жеткізсем деп отыр.

– Егер сен Өтүкен қойнауында отырсан, Мәңгі ел орнатар едің – деген сөзді «Күлтегін» жырынан оқымыз. Яғни, Мәңгі ел орнатуды бабаларымыз Бумын, Естеми қағандар жетінші ғасырда-ақ аңсаған. Өкініші, басараздық, алауыздықтың кесірінен қағанат құлап, олар арманына жете алмаған.

Демек, Мәңгі ел орнату үшін алдымен жердің тұтастығы, елдің ынтымағы керек, ата тарихын ұрпақ санасына сіңіру керек, Ұлы Даңаның тарихын сол Ұлы Даңаның ұлы тұлғаларынан алып жазу керек.

Мәңгілік Ел бір күнде орнай қалмайды. «Мәңгілік Ел» – өміршеш, мәңгілік идея. Ол науқаншылықпен, жарлықпен, бұйрықпен орнамайды, ғасырлар бойы қалыптасады. Сол себепті, «Мәңгілік Ел» идеясын өткінші науқанға, еріккеннің ермегіне, жаяу жарысқа айналдырмай керек. Бұл идеяны ұлттың дүниетанымына, санасына сіңіру керек. Өйткені,

ол – терең толғанатын, біліп, иінін қандырып жазатын, жылдар бойы тылсымы ашыла беретін ұлы құбылыс.

Қазақ – осы Ұлы Далада туып, өсіп-өркендер, талай ұлыс, талай қағанат орнатқан, көнеден келе жатқан байырғы халық.

Ұлы Далада керегесін кең жайған, бүкіл әлемге әйгілі Сақ, Ғұн, Түрк қағанаты секілді іргелі ұлыстардың да аталуы әртүрлі болғанымен, солардың бәрінің тегі бір, заты қазақ еді.

Біз данагей, шежіре қариялардың соңын көре қалған ұрпақпыш. Олар «Сақ Ата заманында» деп байтақ әңгіме бастайтын, Сақтарды өзінің атасы санайтын, Сақтардың ұрпағымыз дейтін.

Ұлы Дала мектебін, Ұлы Дала университетін, Ұлы Дала академиясын, Ұлы Даланың бұлжымайтын салт-дәстүрін, тозбайтын тағылымын, ғылымын, білімін, тәлімін қазақ мындаған жылдар бойы өзі қалыптастырған. Сөйтіп, ұрпақ санасына құйып отырған.

Елбасы өзінің «Мәңгілік Ел» идеясын мындаған жылдар бойы қалыптасқан даналықты да, шешендікті де, көсемдікті де қайта жаңғырту үшін ұсынып отыр. Халқымыздың шешендігі мен даналығын қайта жаңғырту үшін Астанадан алдымен Төле бидің шешендік мектебін, Абайдың даналық мектебін ашып, дарынды балаларды жинап, сонда оқыту керек. Келешек үшін игілікті істің басы осы болады.

Ұлы Дала елі – талай өркениеттердің қауышқан-тоғысқан алтын құндағы. Мәңгілік Ел – Ұлы Далада керегесін кең жаятын ұлы құбылыс.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Дала елі» – Мәңгілік Ел» идеясы күрделілігімен, сан қырлылығымен ерекшеленеді. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін терең, байыпты концепция керек. Оның ең басты шарттары: 1) мемлекет территориясының тұтастығы; 2) мемлекеттің қорғаныс қабілеті, ұлт қауіпсіздігі; 3) мемлекеттің тілі; 4) діні; 5) ізгілік, даналық ілімі, ұлы эпостары; 6) ата дәстүр, атакесіп; 7) халқының ынтымақ-бірлігі.

Жуырда Парламент Мәжілісі «Мәңгілік Ел» идеясының заңнамалық негізін қабылдады. Ендігі міндет – осынау идеяның біртұтас жүйесін жасау. Ол жүйеде біздіңше халқымыздың өткеніне, бүгінгісіне қатысты тарихи-әлеуметтік, әдеби-мәдени, философиялық және экологиялық құндылықтардың қамтылғаны жөн.

«Ұлы Дала елі – Мәңгілік Ел» идеясының кешенді тұжырымдамасын жасауды «Нұр Отан» партиясы қолға алуда. Бұл бәріміз жұмысын қолдайтын игілікті іс.

Иә, сөйтіп, елімізде Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған айтулы той өтті. «Мәңгілік Ел» театрландырылған қойылымы халықтың сүйіспеншілігіне бөлөнген, көпшіліктің көкейінен шыққан тамаша туынды болды. Ұлы Далада ата тарихымыз, ұлы хандарымыз қайта тіріліп, бүгінгі ұрпақпен қайта қауышты.

Тағылымды, өнегелі тойдың алтын арқауы – Мәңгілік Ел идеясына ұласты. Мәңгілікке қарай қадам бастық, құтты болсын! Еліміз мәңгі болсын, Қазақстан қатарының алды болсын!

**Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,**

**Серік НЕГИМОВ**